

Әулікөл ауданы әкімдігінің мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің
«Әулікөл аудандық орталықтандырылған кітапханалық жүйесі» ММ
Әдістемелік-библиографиялық бөлімі

ГУ «Ауликольская районная централизованная библиотечная система»
отдела культуры и развития языков акимата Ауликольского района
Методико-библиографический отдел

«АТАҚТЫ АТА-БАБАЛАР БЕСІГІ»

Қазақстанның танымал
тұлғаларына арналған мәдени-бұқаралық
іс-шаралар сценарийлерінің жинағы
№ 3 шығарылым

«КОЛЫБЕЛЬ ЗНАМЕНИТЫХ ПРЕДКОВ»

сборник сценариев культурно-массовых мероприятий,
посвященный известным личностям Казахстана
Выпуск № 3



Әулікөл ауданы әкімдігінің мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің
«Әулікөл аудандық орталықтандырылған кітапханалық жүйесі» ММ
Әдістемелік-библиографиялық бөлімі

ГУ «Аулиекольская районная централизованная библиотечная система»
отдела культуры и развития языков акимата Аулиекольского района
Методико-библиографический отдел

«Атақты ата-бабалар бесігі»
Қазақстанның танымал
тұлғаларына арналған мәдени-бұқаралық
іс-шаралар сценарийлерінің жинағы
№ 3 шығарылым

«Колыбель знаменитых предков»
сборник сценариев культурно-массовых мероприятий,
посвященный известным личностям Казахстана
Выпуск № 3

Әулікөл
2023

ББК 91.9:83

А 90

Құрастырушы /

Составитель:

А. К. Мукушова – аға библиограф /
старший библиограф

Н. П. Юрченко – әдіскер / методист

Шығарылымға жауапты /

Отв. за вып.:

Ж. М. Досалина – ӘББ жетекшісі /
руководитель МБО

Редактор:

С. Ж. Серкебаева – директор
Аулиекольской районной библиотеки

Әдістемелік-библиографиялық бөлім Қазақстанның танымал тұлғаларына арналған мәдени-бұқаралық іс-шаралар сценарийлерінің жинағын дайындады.

Жинаққа Әулікөл ОКЖ қызметкерлері оқырмандардың әртүрлі топтары үшін әзірлеген іс-шаралар сценарийлері кіреді. Бұл жинақ кітапханалардың жұмысында, мектепте сыныптан тыс жұмыстарды ұйымдастыруда пайдалы болуы мүмкін.

Методико-библиографический отдел подготовил сборник сценариев культурно-массовых мероприятий, посвященный известным личностям Казахстана.

Сборник включает сценарии мероприятий, разработанные работниками Аулиекольской ЦБС для различных групп читателей. Может быть полезен в работе библиотек, организации внеклассной работы в школе.

ББК 91.9:83

А 90

«Әулікөл орталықтандырылған
кітапханалық жүйесі» мемлекеттік мекемесі,
Әдістемелік-библиографиялық бөлім

Құрастырушыдан

Қазақстанның көрнекті тұлғалары – халықтың мақтанышы. Бұл ұлттық тарих шежіресінде жазылған адамдар. Олардың есімдері – қазақстандықтардың мәңгі есінде. Олардың күш-жігерінің арқасында елдің мемлекеттілігі мен тәуелсіздігінің қалыптасуы өтті. Бұл есімдер мен жетістіктерді әрбір қазақстандық білуі тиіс.

Құрметті әріптестер! Сіздің қолыңызда «Атақты ата-бабалар бесігі» кітапхана іс-шараларының сценарийлер жинағының тағы бір шығарылымы.

Онда әдеби сағаттар, ауызша журнал, әдеби портрет, тақырыптық кештер және оқырмандардың әртүрлі топтарына арналған жұмыстың басқа түрлері бар. Жинақ кітапханалардың жұмысында, мектепте сыныптан тыс жұмыстарды ұйымдастыруда пайдалы болуы мүмкін.

Жариялауға материалдар ұсынған Әуликөл ОКЖ кітапханашыларына алғыс айтамыз.

От составителя

Выдающиеся личности Казахстана – гордость народа. Это люди, деяния которых записаны в анналы национальной истории. Их имена – навсегда запомнят казахстанцы. Благодаря их усилиям прошло становление государственности и независимости страны. Эти имена и достижения должен знать каждый казахстанец.

Уважаемые коллеги! В Ваших руках очередной выпуск сборника сценариев библиотечных мероприятий «Колыбель знаменитых предков».

В нём представлены литературные часы, устный журнал, литературный портрет, тематические вечера и другие формы работы для различных групп читателей. Сборник может быть полезен в работе библиотек, организации внеклассной работы в школе.

Благодарим библиотекарей Аулиекольской ЦБС предоставивших материалы для публикации.

«Құрманғазы мұрасын ұрпаққа ұлықтау парыз»

(Құрманғазы Сағырбаевтың 205 жылдығына)

«Дала фольклоры мен музыкасына мың жыл» арнайы жобасы

Мақсаты: Құрманғазы күйлерінің тәрбиелік мәні жайлы әңгімелеу;
Рухани-танымдық тәрбие беру, ұлттық өнерді құрметтеу; Күй тыңдау.

Жүргізуші: Қайырлы күн! Құрметті оқырмандар!

«Құрманғазы мұрасын ұрпаққа ұлықтау парыз» – атты сазды кешке қош келдіңіздер!

Қазақ ұлтының бай мұрасын «Адай», «Балбырауын», «Сарыарқа» және тағы басқа мазмұнды, әсерлі, терең мағыналы философиялық күйлермен толықтырған Құрманғазы Сағырбайұлының есімін білмейтін жан жоқтың қасы. Ұлтының бар жақсы қасиетін бойына сіңіріп өскен күй атасы, халқының тәуелсіздікке жетуін армандап кеткен тұлға.

Қазақ даласын асқақ та жігерлі күйлерімен тербеген Ұлы күйші, дарынды-композитор – Құрманғазы Сағырбайұлы 1818 жылы Атырау облысының Теңіз ауданына қарасты Жиделі деген жерде дүниеге келген. Шыққан тегі – Кіші жүз, он екі ата Байұлынан өрбіген Сұлтансиықтың Қызылқұрт бұтағы. Құрманғазының жетінші атасы Ерші деген кісі от тілді, орақ ауызды, сөз дарыған адам болыпты. Ал, нағашы жұрты – Беріш руы.

Құрманғазының әкесі Сағырбай өнерден алыс, қақ-соқпен ісі жоқ, қарапайым шаруа адамы болатын. Шешесі Алқа адуынды, бірбеткей, ер мінезді кісі болған, той-домалақта күресетін палуан әйел атаныпты. Бала кезден еркекшора болып өскен Алқа келін болып түскенге дейін ойын-тойдың көркін кіргізетін.

Жасынан өнердің қадірін біліп өскен Алқа тұңғыш ұлының бойындағы ұлы дарынды жүрегімен сезінеді. Ұлының асқан ажарлы, сымбатты әрі ешкімнен қаймықпайтын жүректі, алысқанын алып ұратын қайратты боп өсіп келе жатқанына іштей қуанатын. Ол ұлының бетінен қақпады, қолына домбыра тисе аруақтанып, нұрланып шыға келетін кішкене Құрманының тегін адам емес екенін бірінші болып мойындаған да Алқа еді...

Құрманғазының ең ұлы ұстазы – өскен ортасы, сол ортаның сан ғасырлар бойы сыннан өте шыңдалған мәдениеті. Осы рухы асқақ, мақсат-мұраты жарқын, тілі шыншыл, өмірмен етене, мейлінше төлтума мәдениет болған. Еуразияның Ұлы даласында қалыптасқан салт атты көшпелілер өркениеті өзінің ішкі тәртібін өнер тілімен реттеп отырған. Бәлкім, мұның өзі көшпелілер қоғамының рухани болмысын даралап көрсететін басты ерекшелігі болар. Құрманғазы болса көшпелілердің дәстүрлі мәдениетін бойына сіңірген ең жарқын тұлғалардың бірі еді. Ол VII–IX ғасырда жеткен Қорқыт күйлерін жөргекте жатып құлағына сіңірсе, XIII ғасырда осы далада туған «Ақсақ құлан» күйін тыңдап, балалық қиялын шыңдады. Көшпелілердің өнерге айналған тарихы Құрманғазының ең ұлы ұстазы болатын.

Бөкей хандығына атағы жайылған Ұзақ деген дәулескер күйші болды. Ұзақ қартайған шағында ел аралап жүріп Сағырбай қоңсы қонып отырған

Шағбала байдың ауылына келеді. Ауылда күйші бала бар дегенді естіген қария ат маңдайын Сағырбайдың қоңыр үйіне тірейді. Ұзақтың күйін тыңдауға көптен құмартып жүрген Алқа қадірлі қонаққа қолдан келген құрметін көрсетті. Күй кешіне жиналған халық Сағырбайдың төрт қанат үйінің аузы-мұрнынан шықты. Ауыл адамдары тарап, өзді-өзіне келген кезде Ұзақ Құрманғазыға домбыра тарттырады. Жас талапкердің домбыра тартқанына сүйсінген қарт күйші болашақ үлкен дарын иесінің табиғи талантын бірден аңғарып, ақ батасын берді.

Құрманғазы болса атақты күйшінің мақтау сөздеріне қанаттанып қария тартқан күйлерді сол бойда қағып алып өз домбырасымен бебеулетіп отырды. Болашақ ұлы композитордың өнер айдынындағы тұсау кесері осылай басталып еді.

Жаратылысында батыр келбетті, жанары өткір, қой көзді, денелі Құрманғазыны ұзын шашы мен қою мұрты айбынды етіп тұратын. Желкесінен қыр арқасына қуа түскен құлынның жалы секілді ерекше белгісі болатын. Осыны көрген жұрт оны «жалды Құрманғазы» атайтын. Құрманғазының бала кезінен-ақ ең айтқыш тілі, ең сезімтал тілі қос ішекті домбыра көмейінен шығатын күй тілі еді.

Бойдағы бұла күш, асау талант Құрманғазыға өз дегенін істетпей қоймайды. Бала Құрманғазы ұстазы Ұзақ күйшімен ел аралап, қара домбырасымен талай сайыстарға қатысты. Сол кездегі Бөкей ордасының атақты күйшілері Байжұма, Баламайсаң, Байбақты, Соқыр Есжан, Шеркештің күйлерін үйреніп, шеберлігін шындай түседі.

Күй аңыздарының құрылымдық-тақырыптық сипатына айғақ болатын келесі бір сала – арнау күйлерінің аңыздары. Бұл саладағы аңыздардың ең басты ерекшелігі – күйші өзінің шығарар күйін қадірі артқан адамына арнайды. Мәселен, Құрманғазы Сағырбайұлы болса өзінің қиын-қыстау өмірінде қадірлес-сыйлас болған адамдары Иоф Фокеевич Бородинге арнап «Лаушка», Төремұратқа арнап «Төремұрат» күйлерін шығарады.

Ұлы композитор, күй атасы Құрманғазының асқақ та жігерлі күйлері еркіндікті ұнататын жауынгер халқымыздың жалынды рухының жарқын көрінісі іспетті. Құрманғазының күйлері қазақ өмірінің тілсіз тамыршысы, азаткерлік рухының ұраншысы іспетті. Ұлттық тарихымыздың әуен тілінде жазылған ұлы эпопеясы деуге болатындай. Күйші шығармашылығындағы өзекті мәселелер – халықтың азаттығы мен жеке тұлға бостандығы.

Халқының ең асыл арманын ту еткен Исатай ердің ісін Құрманғазы күй тілімен бедерлейді. Беріштен шыққан Тайманов Исатай мен оның жан досы, дауылпаз ақын, дәулескер күйші Өтемісов Махамбет бастаған халық көтерілісі аяусыз жаншылуы, Исатайдың мерт болуы, зұлымдық қана табыстырған Жәңгір хан мен полковник Геккенің опасыз озбырлығы, нәтижесінде халық мүддесінің қанға бөгуі – міне, жиырмаға жаңа іліккен Құрманғазыны өмірге мүлде басқаша қаратып, көкірек көзін ашып кеткен оқиға осы болатын. Халықтың аяққа тапталған асыл арманы, азатшыл рухы бозбала Құрманғазының көкірегінен «Кішкентай» атты күй болып сыртқа шығады.

Ал **«Қайран, шешем»** күйін Құрманғазы абақтыда жатқан кезде шығарған. Бір күні түрмеде жатқан Құрманғазыға анасы Алқа келеді. Баласының түрмеде езілгенін көрген бірбеткей, ер мінезді ана ұлының жағынан бір тартып жібереді. «Мен ұл тудым ба десем, ез туған екенмін ғой, мына қас дұшпандарыңның алдында оныңды көрсетпе» деп, қапаста жатқан ұлына жігер берген екен. Осыдан кейін күйші қолына домбыра алып, «Қайран, шешем» күйін күмбірлете жөнеледі.

Қазақ музыкасын зерттеген көрнекті ғалым, әйгілі композитор Ахмет Жұбановтың еңбегінде **«Кісен ашқан»** күйінің шығу тарихы былай баяндалады: «Перовскийдің бұйрығы эне-міне деп орындалмай, Құрманғазы түрмеде жата береді. Күндерден күн өткенде Құрманғазы амалдың жоқтығын біліп, қалайда қашуды ойлайды. Айсыз қараңғы бір түнде жұмыстан қайтып келе жатып, аяғы ауырып, тіпті жүргізбеген болып Құрманғазы тұтқындар тобынан кейін қала береді. Қапысын тауып, конвойдың біреуін қағып түсіріп, қаша жөнеледі. Қараңғыда күйшінің ізін жоғалтып алған конвойлар түрмеге қайтады.

Оның алдында күндіз жұмыс үстінде Құрманғазы баяғы Лавочкиннің шешесі берген болат араны ұлтарағының астынан суырып, кісеннің бір жағын кесіп жай орнына байлап қойған болатын. Қашарда бір жағын қолына алып адымдай жөнеледі. Қаладан алысырақ бір сарайға барып, кісеннің екінші басын да кесіп, сол араға лақтырып тастайды.

Біреулердің айтуынша, Құрманғазы қашар тұста кісенді жұлып аламын дегенде өзінің майөкшесінің бірін жұлып алады да қаша береді. Ол күні қалың шөптің арасынан ешқайда шықпайды. Кісен қиған жерлерін көйлек-дамбалынан жырттып алып орайды. Кеш бата Құрманғазы Жайықтың бойын төмен қуа жүре береді. Таң ата бір ауыл шетіндегі малшының үйіне келіп, өзінің мән-жайын айтады. Ол үйдің иелері Құрманғазыны тамақтандырып, басқалардың көздерінен тасалап, тыным алдырады. Жарасына сормақта тартып, жақсылап байлап береді. Кішкене тыныққан соң, Құрманғазы домбыра алдырып, бірнеше күй тартады. Ең соңғы күйінде қайғының үні шығады. Құрманғазы бұл күйдің атын «Кісен ашқан» екенін айтады.

Ал баршаңызға жақсы таныс **«Адай»** күйінің шығу тарихы жайлы екі аңыз тараған. Құрманғазы Маңғыстау жерінде Ақмандай деген қызбен күй тартысқан екен. Сол тартыстың үстінде осы «Адай» күйі туған деседі. Екінші аңыз бойынша, Исатай-Махамбет көтерілісі кезінде Адай елінің батырларына арналған деп жазылған.

Ұлттық өнерімізді әлемге танытқан **«Сарыарқа»** күйі күйшінің еліне, қазақтың кең даласына деген махаббатынан туған туынды. Қуғын-сүргінге ұшырап жүрген шағында жазылған Құрманғазының «Сарыарқасы» бүкіл қазақ халқының еркіндікке, азаттыққа деген құлшынысының көрінісіндей.

«Қапы» күйі. Құрманғазы өштескен би оның соңына түсумен болады. Бір жиында домбыра тартып, Исатай-Махамбет толғауын айтып отырған Құрманғазыға «Сен Исатай-Махамбеттің толғауын айттың» - деп, кінә тағып, күйшіні ұстатады. Міне, осы өкінішке байланысты «Қапы» деген күйін шығарған екен.

«Қош, аман бол» күйі. Құрманғазы қапылыста ұсталып, Орда түрмесіне жөнелтілгелі жатқанда, «Қайтып көріскенше қош аман болыңдар, халқым» деп, «Қош аман бол!» күйін тартыпты.

«Қызыл қайың» күйінің шығу тарихы жайлы Ахмет Жұбановтың еңбегінде мынадай мәлімет берілген:

«Халық аузындағы аңыз бойынша, Құрманғазы қуғыншылардан қашып келе жатқан сапарында ең далада жалғыз өскен қызыл қайыңның бұтағын жамылып отырып, қуғыншылардан аман қалыпты дейді. Кейін: «Менің елім де, жерім де, бұтам да, ағашым да пана екен. Аңадай қойнын ашып, жапырағын жауып паналатқан қызыл қайыңға арнап едім», – деп орындаса керек.

Құрманғазының сиқырлы музыкасы төрткүл дүниенің түкпір-түкпірінен – Мәскеу, Хельсинк, Кальяр, Токио, Бухарест, Пекиннен, Бакуден немесе Таллиннен естіген тыңдаушыларының жан дүниесін толқытпай, таң-тамаша қалдырып тамсандырмай, табындырмай қоймайды.

Оның халықтық өміршең музыкалары мазмұнының даламыздай кең ауқымдылығы, теңіздей тереңдігі, жойқын күш жігерге толы екпіні, алай-дүлей алабұртқан сезімі, емін-еркін ойнақы ырғағы, әр иірімі әсемдікке айналған көркемдігі мен асқан орындаушылық шеберлігі қазақ күй өнеріне ұлы жаңалық әкелуші ретінде даңқын бүкіл әлемге жайды. Халқымыздың Күй атасына айналды.

Мұнан әрі Құрманғазы аста-төк арқалы сезімін күй тілінде ғана айтып қалдыруға өмірін арнағандай. Төремұрат, Нарынбай, Өтен сияқты нағашы жұртының батырларына күй тілінде базына айтады. Тіптен, заты бөлек, ниеті басқа, жарым патша атанған Орынбор генерал-губернаторы В. А. Перовский қаһары күйде тосылады.

1857 жылы Құрманғазы істі болғанда В. А. Перовскийдің бұйрығымен сауға жасалған. Әйгілі, Т. Г. Шевченконың досы Н. Ф. Савичев, И. Ф. Бородин, қалмақ батыры Саранжап сияқты сол кездің озық ойлы, көзі ашық азаматтарымен Құрманғазыға тіл табыстыртқан да өнердің құдіреті еді. Кейін Н. Ф. Савичев, Құрманғазы туралы: *«Бір сөзбен айтқанда, Сағырбаев тым сирек кездесетін музыкалық дарынды жан, егер ол еуропалық білім алғанда, музыка әлеміндегі ең алып жұлдызға айналар еді», - деп жазды.*

Құрманғазы күйлерін орындаушылар:

Дина Нұрпейсова, Ерғали Есжанов, Ғылман Хайрошев, Қали Жантілеуов, Рүстембек Омаров, Әзидолла Есқалиев, Рысбай Ғабдиев, Сержан Шәкіратов, Сағын Жалмышев, Оқап Қабиғожин, Мұрат Өскембаев, Махамбет Бөкейханов, Лұқпан Мұхитов, Қаршыға Ахмедияров бұлардың қай-қайсысы да аты әйгілі өнер тұлғалары. Күй атасының дәстүрлі мектебінен шыққан сан-алуан талантты күйшілердің қай-қайсысы да қазақтың күй өнеріне мол үлес қосты.

Құрманғазы Сағырбайұлының шәкірттері:

Құрманғазы соңына шығармашылық мол мұра қалдырған дарынды композитор ғана емес, ол өз шығармаларын шәкірттеріне үйрету арқылы бүкіл бір күйші домбырашылар мектебін жасап кеткен ұлы ұстаз.

Құрманғазы Сағырбайұлының 40-қа тарта шәкірті болған деседі. Бірақ, күйшінің біраз туындысы бізге шәкірті Дина Нұрпейісованың арқасында жеткен. Дина орындаушылық ерекшелігімен ұстазының күйлерін өзінше жеткізген.

Ұлы тұлғадан тәлім алған тағы бір шәкірт – Ерғали Есжанов, Құрманғазының күйлерін еш өзгеріссіз халыққа жеткізген – Мендіғали Сүлейменов.

Бұған қоса, сол дәуірде әйгілі болған Көкбала, Менетай, Менқара, Сүгірәлі, Торғайбай, Шора сынды домбыра тарту шеберлері де Құрманғазыны ұстаз тұтқан.


Қазақ халқына қарсы жасалған зорлық-зомбылыққа күйлерімен өз қарсылығын білдірген Құрманғазы патша өкіметіне жақпады. Оның күйлерін тыңдаған халық рухтанып, жігерленіп, тағы да бас көтеріп жүрер деген оймен оны бірнеше рет түрмеге қамайды. Күйшінің «Түрмеден қашқан», «Кісен ашқан», «Аман бол, шешем» сияқты күйлері осы тар қапасқа қамалған кезде туылған дүниелер.

Халық аспаптары оркестрінің құрылуы:

Құрманғазы атындағы Қазақ мемлекеттік академиялық халық аспаптары оркестрі Қазақстанның аспаптық музыкалық өнер тарихында бірегей әрі тұңғыш оркестр.

Бұл оркестрдің тарихи тамыры 1934 жылдың 23 сәуір күнінің ҚазССР Ағарту халкомы № 425 бұйрығы бойынша Ахмет Жұбанов оркестрдің дирижері мен көркем жетекшісі болып тағайындалған кезден бастау алады.


Домбыра ансамблі 1934 жылдың 1 маусымында халық өнерінің қайраткерлерімен бірге өткізілген I Бүкілқазақстандық слетінде өзінің бірінші өнер жолын бастады.



Бұл слеттің нәтижесі бойынша мынадай Қаулы қабылданды: «Ағарту халкомы халық өнерінің бірінші слетіне қатысқан қайраткерлерден колхоз, совхоз және өндірістік қауымдастықтарға қызмет етуде ұлттық аспаптармен ұлттық оркестр құрылсын. Оркестрдің еңбекақысын мемлекеттік бюджетке енгізу».



Бұл Қаулыға жауап ретінде, республика Ағарту халкомы 1934 жылдың 25 маусымында № 220 Жарлық шығарды: «25 маусымнан бастап музыкалық-драмалық техникумында КазОАК атындағы 1-ші қазақ ұлттық оркестр құрылды деп саналсын».



1953 жылы Бухарестте (Румыниялық халықтық республика) Шамғон Қажығалиевтың жетекшілігі мен бұл оркестр демократиялық жастар және студенттердің Бүкіләлемдік IV фестивалінің лауреаты атанды және алтын медальмен марапатталды.

Оркестрдің жоғары орындаушылық шеберлігі тыңдарман қауымның сүйіспеншілігін тудырып, оларды халқымыздың бай музыкалық мұраларымен, отандық және әлемдік классикалық озық музыка үлгілерімен сусындатып келеді. Әлемнің 80 жуық елін шарлап, (Франция, Италия, Финляндия, Чехославакия, Венгрия, Польша, Румыния, Болгария, Португалия, Дания, Швеция, Қытай, Түркия т.б.) қазақтың ұлттық музыка өнерінің мәртебесін жоғары ұстап, абырой-даңқын дүние жүзіне танытты.

Қазіргі таңда әйгілі оркестр ұжымында 81 өнерлі музыканттар еңбек етуде, солардың ішінде жас өнерлі дирижер Абылай Тілепберген, олардың

әрқайсысы біздің Қазақстанымызды әртүрлі сайыстарда көрсете алатын дәрежеде.

Кәсіпорын қызметінің мақсаты – Республика бойынша, таяу және алыс шетелдерде музыка өнері саласындағы мемлекеттік мәдениет саясатын тәжірибелік іске асыруға бағытталған концерттік іс-шараларды ұйымдастыру және өткізу.

Оркестрдің репертуарлық қорында 5000-нан аса туындылар бар. Құрылған алғашқы күнінен бастап күні бүгінге дейін оркестр ұжымы қаншама ұлттық және әлемнің классикалық шығармаларын үлкен шеберлікпен орындап келеді. Мәселен: Құрманғазы, Тәттімбет, Дина, Сүгір, Дәулеткерей, Глинка, Шуберт, Чайковский, Моцарт, Бетховен т.б.

Қазақ музыкалық Олимпінің шыңында тұрған әйгілі күйші Құрманғазы атындағы біздің ұлы Оркестр әрқашан белгілі ата-бабаларымыздың тарихи тамырларын ұмытпай, салт-дәстүрін жалғастыра отырып жаңа өнерлі жетістіктерге жетуге мүмкіндіктерінің бар екендігін көрсетеді.

Әр жылдары оркестр құрамында қазақ өнерінің әйгілі музыканттары – оркестр шежіресінде есімдері алтын әріптермен жазылған орындаушылар мен дирижерлар еңбек етті.

Солардың қатарында: Ахмет Жұбанов, Латиф Хамиди, Фуат Мансуров, Лұқпан Мұхитов, Оқап Қабығожин, Қали Жантілеуов, Махамбет пен Науша Бөкейхановтар, Жаппас Қаламбаев, Шамғон Қажығалиев, Роза Бағланова, Нұрғиса Тілендиев, Қаршыға Ахмедияров, Тұяқберді Шәмелов, Бибігүл Төлегенова, Ермек Серкебаев, т.б. өнер иелері бар. Солардың ішінде ерекше орынға, күмәнсіз, Оркестрдің ұйымдастырушысы, бірінші көркем жетекшісі, басты дирижері – Қазақстанның халық артисті, композиторы, академик, профессоры Ахмет Қуанұлы Жұбанов ие. Оның дирижерлік орнын басқан КСРО халық артисі, мемлекеттік премиялардың лауреаты, «Отан» орденінің иегері, профессор Шамғон Қажығалиев болды.

1944 жылы құрылғаны 10 жыл толуына орай оркестрге әйгілі күйші Құрманғазы аты берілді, 1967 жылы – «ҚР еңбек сіңірген ұжымы» құрметті атақ берілді, 1978 жылы – Академиялық оркестр, ал 1984 жылы Оркестр «Халық достығы» орденімен марапатталды.

Қаяусыз азап пен қитұрқы саясатқа бар болмысымен қарсы шыққан күйшінің жарты ғұмыры айдауда өтті. Құрманғазы алты рет абақтыға қамалып, босап шыққан. Өмірінің соңғы күндерінде тыныш өмір сүріп, (Ресей) Астрахань облысының бұрынғы (Албасты төбе) «Шайтани батаға», деген жерде 1889 жылы қайтыс болған. (қазіргі «Құрманғазы төбесі») аталады.

Кез келген ұлтты дәстүрлі музыкалық аспабы сол ұлттың музыкалық мұрасын дүниеге әкелген және ол мұраны түпнұсқа қалпында сақтай алатын бірден-бір тарихи жәдігер (ескерткіш) болып табылады.

Күні бүгінге дейін Ұлы күйшінің күйлерін нақышына келтіріп орындау дәстүрі әкеден балаға жалғасып келе жатқан құбылыс.

Құрманғазы күйлеріне арнау өлеңдер:

Құрманғазы «Адай»

Автор: Жүмекен Нәжімеденов (1967)

Екі ішек: бірі бостау, қатты бірін,
бес саусақ беретіндей ат дүбірін.
Күйшінің қатты ішекте қайраты өсіп,
екінші бостау ішекте ақты мұңы.
Секілді қорғасын-сел балқып ағып,
асығып, арна салып аңқыды анық...
Түтіліп түбірінен кеткен бұта,
толқынға батып-шығып малтығады.
Көк ала дүрмек болып ағады ағыс,
шаңқылдап шықты биік шағала-құс.
Ең соңғы жармасқаның жұлынғандай
қарайсың жанталаса жағаға алыс.
Бұралып бар толқынды қолтыққа атып;
мың сұлу бір қызықтан елтіп татып,
бәрі де суға кетіп баратқандай
мың жібек орамалды желпіп батып...
Бейне бір төңкерілген өлі қайық
жағада жартас қана қоңырайып.
Әйтеуір ала-тарғыл бұл көріністі
ұқпайсың не шаттанып, не мұңайып.
Азулы үн аңдағанның қаусатты ішін,
шаншып кеп сезді жүрек саусақ күшін;
кірсе егер құлағыңа, күй әлемін
не жек көр, не бір затты аңсап түсін...

Жүргізуші:

Екі шектің бірін қатты,
Бірін сәл-сәл кем бұра
Қазақ – нағыз, қазақ емес
Нағыз қазақ домбыра. - деп келесі кезекті домбырашыларға берейік.
Домбырашылардың орындауында «Адай» күйін қабыл алыңыздар!

«Құрманғазы»

Автор: Шабаз Иманалиев

О, дана! Күй атасы – Құрманғазы!
Күйшінің саған соқпас бар ма лажы?!
Буалдыр сонау көне заманыңнан
Күңіреніп келіп жетті күйдің сазы.
Толқынды, аласұрған «Көбік шашқан»,
Көңілдің жүйрігіндей алып қашқан.
Кезінді көріп тұрмын, көз алдымда
Қиналған, күңіренген «Кісен ашқан».
Айбынды «Сарыарқаңыз» дабыл салған,

Өр дауыс, асқақ арман топты жарған.
Бір кезде аңсағаның алдан шығып,
Бұл күнде көкке өрлеп, қанат жайған.
Күйші ата! Ұмытқан жоқ сені халқың,
Сен жүрсің бізбен бірге, әлі барсың.
Шалып жүр шын жанымен, ырғағымен,
Күйінді «Балбырауын» жастар жарқын! - деп, атамыздың ізбасарларын
«Балбырауын» күйімен ортаға шақырып қошеметпен қарсы алайық!
(Домбырашылар)

Жүргізуші:

Бір күйі бар, дәл қазақ баласындай,
Бір күй мақтар, ұлдарын шаласынбай.
Бір күйлері шалқыса «Көбік шашып»,
«Сары Арқасы» қазақтың даласындай. – деп «Сарыарқа» күйіне кезек
берейік.

Көңіл қойып тыңдағандарыңызға көп-көп рахмет! Ұлы бабамыздың рухы бізді
қашанда желеп-жебеп жүргей!
Көріскенше сау-саламатта болыңыздар!

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Әбуғазы М. Қазақтың домбыра өнері. Алматы : «Нұрсәт» баспасы, 2013. – 480 бет.
2. Кенжалиев И. Қос ішек. / И. Кенжалиев. Алматы: «Өнер», 1990. – 216 бет.
3. Құрманғазы. Күйлер. / құраст.: Қ. Ахмедияров. – Алматы, «Өнер». – 2005. – 192 б.
4. Режиссер Есмұхан Обаев. «Әйгілі адамдар» сериясы. – Алматы: «Өнер», 2011. – 213 бет+48 бет жапсырма.
5. Сейдімбек А. Қазақтың күй өнері. Монография. – Астана, «Күлтегі» баспасы. – 2002. – 832 б.

Құрастырушы: А. С. Таева,
Әулиекөл кітапханасының кітапханашысы

«Мұқаш Тойғожа ұлы» кітабының тұсаукесері


Уақыты: 11.00

Өтетін орны: Әуликөл аудандық кітапханасының оқу залы

Жүргізушілер: Таева А. С., Мукушова А. К.

Ж. 1: Тастамас туысқандар керексіз деп,
Бұл бұрын естімеген дерек, сіздер.
Тапқаным осы болды тырысқанда,
Ескімен естігеннен керекті іздеп.
Шындықтың шошытқандай туған мәні,
Білгенің білетіндер қуғанда әрі –
Тауып ап, Мұқаш жәйын жария еттім,
Тұлғасын туы етсін деп туғандары...

Ж. 2: Қайырлы күн құрметті қонақтар! Бүгін, біз сіздерді «Мұқаш Тойғожаұлы туралы тарихнама» кітаптың тұсаукесеріне шақырдық. Бұл кітап кейіпкердің өмір жолы ауызша, жазбаша мағлұматтарға негізделген тарихи-көркем шығарма. Бұл кітап ауыл тарихы, оның өткені мен бүгіні туралы алғашқы баспа басылымы.



Ж. 1: Кітапта туған өлкенің игілігі үшін жасампаздық пен шығармашылықты біріктіретін М. Тойғожаұлы туралы тарихи оқиғалар келтірілген.

Ж. 2: Кітап Молдағазы Қаженұлы Жүрсінәлин мен Қазі (Әбдіғазы) Алматылы Бексейіт тегінің бастамасымен шығарылды.


Ж. 1: Демеушілік көрсеткен Миялы жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің атқарушы директоры Баймағамбетов Оразғали Сәтбайұлы.

Ж. 2: «Қонақ отырмаған төрдің құны жоқ, мезгілінде айтылмаған сөздің құны жоқ» демекші, бүгін өтіп жатқан іс-шарамыздың қадірлі қонағы аудан әкімінің орынбасары Сүлекеев Аят Сексенбайұлына сөз беріледі:

.....

Муз.номер.....

Кітаптың тұсаукесер рәсімі Әуликөл ауылының тұрғыны, зейнеткер Аязбаева Гаухар Ержановнаға беріледі (кітапты лентамен байлап шығару)



Ж. 1: 2021 жылдың мамыр айында шыққан «Әуликөл» газетіндегі «Асыл есім» мақаласында Мұқаш Тойғожаұлы туралы шағын өмірбаяны мен туыстарына арнап өтініш жазғаннан кейін бір жыл өтер-өтпестен баға жетпес

кітап шығып отыр. Кітап жазу идеясының қалай басталғаны, осы қиын, бірақ қызықты жолдың басталуы туралы кітап авторын айтуды сұраймыз. (Сөз Жүрсиналин Молдағазы Қаженұлына беріледі)

Ж. 1: «Ауылдың тарихы туралы, оның тұрғындары туралы материалдарды мұқият жинайтын адамдардың еңбегі үлкен назар аударуға лайық. Өйткені олар бізге өткен күндердегі оқиғалар мен адамдардың жадын сақтауға көмектеседі. Біз өткен жылдардағы жетістіктерді сақтап, көбейтіп, болашақ ұрпаққа беруіміз керек, осылайша біздің сүйікті ауылымыз ғасырлар бойы өркендеп, кішкентай Отанымыз үшін мақтаныш сезімін қалдыруымыз керек». Кітаптың беттерінде жазылған тарихи сөздер оны құруға сөзбен және іспен қатысқандардың барлығының орасан зор еңбегінің мәнін бейнелейді, тағы бір ретте өзінің жанқиярлық сүйіспеншілігі мен адалдығын дәлелдейді.

«Уақыттың жылдам жүгіруі тарихта көптеген уақыттарды, оқиғаларды өшіреді, бірақ игі істер мен іс-әрекеттер көптеген ұрпақтар үшін ризашылық жадында қалады. Біздің ата-бабаларымыз ұзақ тарихи уақыт ішінде көп нәрсені айтып, өмір сүруге мәжбүр болды. 37-нші жылдың аласапыраны, оған жалғаса келген Ұлы Отан соғысы, одан кейінгі жоқшылық, үкіметтің үрейлі үкімдерінен қорқушылық кезең» – (бұл сөздер кітаптың 363 беттерінен алынған).

Өлкетану ақпаратын ұқыпты сақтағаныңыз үшін және оны жас ұрпақтармен жомарттықпен бөліскеніңіз үшін алғыс айтамыз.

Сұрақ-жауап:

- Кітап жасау бойынша жұмысыңыздың негізгі кезеңдеріне не кіреді?
- Біз сізден осындай ауыр және маңызды жұмысқа шабыттандырған эмоциялармен бөлісуіңізді сұраймыз.
- **Елестетіп көрейікші:** Осы кітаптың кейіпкері Мұқаш Тойқожаұлымен кездессеңіз. Қандай сұрақтарды қояр едіңіз?
- Осы кітапты 5 түрлі сөзбен сипаттап өтсеңіз. (тарих, маңызды деректер, бір отбасының тарихы, жерлесіміз, болыс (волость), бақай руы)
- Сіздің сүйікті дәйексөзіңіз (цитата), дана дәйексөздеріңіз, ойлар бар ма?
- Кітап жазу әдетте авторға бір нәрсені үйретеді. Бұл кітапты жазғанда не үйрендіңіз?
- Сіз өзіңізге арналған сынға (критикаға) қалай қарайсыз?
- Болашаққа арналған жоспарлар бар ма? Құпия болмаса бөлісесіз бе?
- Әр адамға қандай 3 кітап оқуға кеңес берер едіңіз?

Келген қонақтарға сөз беріледі:

Ж. 1: Бүгінгі рухани кездесуді біздің кітабымыздың тағы бір дәйексөзімен аяқтағымыз келеді: «Біз, кішкентай Отанымызды жақсы көреміз, туған өлкемізді, оның бірегейлігі мен көрікті жерлерін тамашалаймыз және мақтан тұтамыз. Табиғат бізге өмір үшін керемет бұрыш сыйлады, ал біздің өміріміз қандай болады, тек бізге, біздің қалауымыз бен мүмкіндіктерімізге байланысты».

Ж. 2: Сонымен, еңбек етейік, отбасылар құрайық, балаларды тәрбиелейік, мерекелерді қарсы алайық, амандық үшін дұға етейік, өз жерімізде, Отанымыз үшін, оның бақытты болашағы үшін өмір сүрейік! Отбасыларыңызға амандық, бейбіт аспан және ауылымыз бен өлкемізге гүлдену тілейміз!

Ж. 1: Еске алмай зор еңбегін халыққа еткен,

Жауыздар жаза кесіп жазықты еткен.

Ғұмыры ғибратқа толы бұл жан,

Өз атын тарихқа өзі жазып кеткен.

Ж. 2: Түртпектеп Намыс, Парыз бірі ішіңнен,

Жиренбай МҰҚАШ деген ұлы есімнен,

Ей, ұлдар сол атаңа жазылсаңшы,

Аршып ап – атағын күресіннен.

Заман кетіп, қылықсыз құлы есірген,

Тағылыммен шықпай тұрып, түрі есіңнен,

Есімін сақтамасаң атын алып,

Еңбегі қайда қалмақ ұл өсірген?!

Ж. 1: Жаңа кездесулерге дейін! Қош сау болыңыздар!



Пайдаланған әдебиеттер:

1. Алматылы, Қазі. Асыл есім [Мәтін] : Мұқаш Тойғожаұлы туралы не білесіз? / Қазі Алматылы // Әулікөл. – 2021. – 27 мамыр. – Б. 5.
2. Арыстанғалиұлы, Кәкімжан. Әуелгі Әулікөл тарихынан [Мәтін] / Кәкімжан Арыстанғалиұлы // Әулікөл. – 2015. – 22 қантар. – Б. 5–6.
3. Бексейіт, Қазі Алматылы. Мұқаш Тойғожа ұлы туралы Тарихнама [Мәтін] : кейіпкерлерінің өмір жолы ауызша, жазбаша мағұлыматтарға негізделген тарихи-көркем шығарма / Қ. А. Бексейіт. – Қостанай : Шапақ, 2022. – 418, [2] б.
4. Сыздықова, Жұмакүл. Мұқаш Тойғожа ұлы [Мәтін] : 40 жыл бойы ел тізгінін қолында ұстап болыс болу текті кісінің қолынан ғана келеді / Жұмакүл Сыздықова ; Суретті түсірген Гүлшат Сатыбалдина // Әулікөл. – 2023. – 27 шілде. – Б. 2.
5. Хакімжанова, Жұмакүл. Мұқаш Тойғожа ұлы жайлы [Мәтін] : Кітапта кейіпкердің өмір жолы жан-жақты баяндалған / Жұмакүл Хакімжанова // Әулікөл. – 2023. – 6 сәуір. – Б. 2.

Құрастырушы: А. К. Мукушова,
Әулікөл кітапханасының аға библиографы

«Казахский партизан»

Вечер-памяти

(посвященный 105- летию со дня рождения Касыма Кайсенова)

Цель: знакомство с выдающимся деятелем казахской литературы, основоположником темы партизанской войны в казахской литературе – Касымом Кайсеновым; формирование у читателей нравственно-патриотических качеств, повышение интереса к военной истории.

Оборудование: портрет К. Кайсенова, цитата К. Кайсенова, видеоролики.

Ход мероприятия

*«Я воевал за Родину, и за это мне не нужны никакие награды,
кроме уважения и любви моего народа»*

Касым Кайсенов

Библиотекарь: В этом году наша страна отмечает 105-летие Народного героя РК, лауреата Международной премии имени А. Фадеева, лауреата литературной премии имени Бауыржана Момышулы, казахстанского писателя, ветерана Великой Отечественной войны – Касыма Кайсенова.

Биография

Родился 23 апреля 1918 года в поселке Асу-Булак Уланского района Восточно-Казахстанской области в семье простого крестьянина Кайсы и его супруги Бижамал мальчик по имени Касым. Все то, что присуще родному краю, вошло в его плоть и кровь. В его характере и творчестве легко угадываются и беспредельная высота, и чистота помыслов, и неукротимость

поиска. Это были трудные времена после Октябрьской революции и гражданской войны. С детства он испытал все тяготы и лишения, но даже в самом юном возрасте он никогда не склонял голову и не унывал. В 1935 году, семнадцатилетним юношей, Касым Кайсенов приезжает в Усть-Каменогорск и поступает учиться в техникум политпросвещения. Это учебное заведение он заканчивает уже вместе со своей супругой в 1938 году. За год до этого события Касым Кайсенов женился на красавице Асылхан, которой в ту пору было всего шестнадцать лет. В 1939 году, работая в Павлодарской области в должности инструктора областного отдела народного образования, откуда был призван Кайсенов в ряды Советской Армии. А в 1939 году – на финскую войну, но, благодаря его внешним данным, был оставлен в Москве, где три года учился в специальной разведывательно-диверсионной школе. В такую школу отбирали одного из тысячи, солдат подготавливали к подрывной деятельности в тылу врага.

Ведущий 1: Партизанская жизнь /рассказ сопровождается показом видеоролика «Казахский партизан» (04.03 мин.)

<https://www.youtube.com/watch?v=kIS08bhcjVg> (дата обр. 03.12.23 г.)
<https://ok.ru/video/5355659397677> (дата обр. 03.12.23 г.)

По окончании в ноябре 1941 года школы военной разведки был направлен в штаб Северо-Западного фронта, откуда, получив специальное задание, был заброшен в тыл врага для организации на территории оккупированной Украины партизанского движения. На этой земле Касым Кайсенов командовал отрядом под номером три, носившим имя Чапаева. В дальнейшем, до конца 1944 года, участвовал в партизанских движениях на территориях Молдавии, Чехословакии, Румынии. На Украине Кайсенов организовывал партизанские отряды и одновременно занимался диверсионной работой. Партизан обучали минному, взрывному делу, владению различного вида оружием. Касым Кайсенов от природы был смелым человеком, физически сильным. В то время партизанское снаряжение человека, забрасываемого во вражеский тыл, составляло 80 килограммов – автомат, боеприпасы, связки гранат и так далее. Если прыгал радист, то он нёс на себе громоздкую рацию. Партизан сбрасывали в лесах ночью, под утро. Однажды, когда Касым Кайсенов был в очередной раз заброшен, он приземлился на крыше церкви. Это был купол с крестом наверху. Касым зацепился стропами за крест, получилось, что он как бы распят на этом кресте. Поверхность купола совершенно гладкая. И даже если бы он освободился, то сорвался бы и полетел вниз. Деревня была глухой, в ней не стояли немцы. Касым не мог дотянуться до ножа и висел так до утра. Утром появились старики, идущие к церкви. Партизан начал кричать: Снимите меня, люди! А те, увидев ожившее распятие, упали на колени и начали молиться. Люди во время войны становятся более верующими. Они подумали, что это знамение, спасение – от неба, от Бога. Касым Кайсенов долго уговаривал их. Наконец, ему помогли спуститься, поняв, что к ним с небес опустился партизан. Еще был случай, когда Касым отправился на оккупированную немцами территорию – в деревню за продуктами для партизан. Люди собрали огромную корзину со

снедью, и Касым направился в лес. По пути проголодался, стал доставать сырые яйца и выпивать их одно за другим. Таким образом корзина на два десятка яиц стала легче! Тем временем на деревню нагрянули немцы. Они узнали, что там побывал партизан, и бросились вдогонку. Им легко было следовать за ним, так как Касым оставлял за собой следы в виде цепочки яичной скорлупы. К счастью, Касым услышал рокот мотоцикла и сумел скрыться. На Украине немцы держали около пяти дивизий, которым противостояла огромная партизанская сила, возглавляемая Ковпаком, равная по организации и численности регулярным войскам. Вермахт нёс на территории Украины огромные потери. И в этом партизанском движении имя Касыма Кайсенова-Васи – стало известным. Его горячо любили местные жители. Более того, его имя Вася вселяло в людей уверенность, что мир придет. Его четырежды посылали в тыл врага на Украине. Когда Касым Кайсенов выполнял первое задание, пробиваясь из окружения фашистов, многие вокруг него погибли, он остался один. Под Киевом и Полтавой Касым был ранен, но продолжал свою борьбу, находился среди партизан. В 1943 году его сбросили с самолета в Молдавии, его враги встретили огнем, но «непробиваемый» Касым остался жив.

